

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысын оңтайлы ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3466

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Мына облыстар таратылсын:

1) Талдықорған облысы;

2) Торғай облысы.

2. Мына облыстардың:

1) таратылып отырған Торғай облысының Державин, Жақсы, Жаңадала, Есіл және Қима аудандарының аумақтары құрамына енгізіліп, Ақмола облысының;

2) таратылып отырған Талдықорған облысының аумағы құрамына енгізіліп, Алматы облысының;

3) таратылып отырған Торғай облысының Арқалық қаласының, Арқалық, Амантоғай, Амангелді, Жангелдин және Октябрь аудандарының аумағы құрамына енгізіліп, Қостанай облысының шекаралары өзгертілсін.

3. Талдықорған және Торғай облыстарының таратылуына байланысты мәселелерді шешу үшін қосымшаларға сәйкес құрамда комиссиялар құрылсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1997

жылғы

22

сәуірдегі

N

3466

Жарлығына

N 1 қосымша

Талдықорған облысын таратуға байланысты мәселелерді шешу жөніндегі комиссияның құрамы

Кәрібжанов

- Қазақстан Республикасы

Жәнібек Сәлімұлы

Премьер-Министрінің орынбасары,

комиссия төрағасы

Ақымбеков - Қазақстан Республикасының Ауыл
Серік Шаяхметияұлы шаруашылығы министрі
Бәйменов - Қазақстан Республикасы Президентінің
Әлихан Мұхамедияұлы Әкімшілігі Басшысының орынбасары -
Ұйымдастыру-бақылау бөлімінің
меңгерушісі
Бейсенов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Аманжол Мұсайынұлы министрінің орынбасары
Жұманбеков Жеңісбек - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Мұхамедкәрімұлы қауіпсіздік комитетінің төрағасы
Коломийцев - Қазақстан Республикасы
Владимир Иванович Премьер-Министрі Кеңесінің
Аймақтардың жұмысын үйлестіру
бөлімі меңгерушісінің орынбасары
Коржова - Қазақстан Республикасының Еңбек
Наталья Артемовна және халықты әлеуметтік қорғау
министрі
Мұкашев Жомарт - Қазақстан Республикасы Қаржы
Жангелдіұлы министрінің орынбасары
Шардарбаев - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
Аман Смағұлұлы тергеу комитеті төрағасының орынбасары
Шуткин - Қазақстан Республикасының
Степан Иванович Бас прокуроры
Шүкеев - Қазақстан Республикасының Экономика
Өмірзақ Естайұлы және сауда министрі
Үмбетов - Алматы облысының әкімі

Серік Әбікенұлы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 2 2 с ә у і р д е г і

№ 3 4 6 6 Ж а р л ы ғ ы н а

№ 2 қосымша

Торғай облысын таратуға байланысты мәселелерді шешу жөніндегі комиссияның құрамы

Есімов - Қазақстан Республикасы
Ахметжан Смағұлұлы Премьер-Министрінің Бірінші
орынбасары - Қазақстан

Республикасының Инвестициялар
жөніндегі мемлекеттік комитетінің

төрағасы, комиссия төрағасы

- Әбдікәрімов - Қазақстан Республикасы
Оралбай Президенті Әкімшілігінің Басшысы
- Әшімов Нұрғали - Қазақстан Республикасы Экономика
Садуақасұлы және сауда министрінің орынбасары
- Бақтыбаев - Қазақстан Республикасы Бас
Ілияс Жақыпбекұлы прокурорының бірінші орынбасары
- Браун - Ақмола облысының әкімі
- Андрей Георгиевич
- Қадамбаев - Қостанай облысының әкімі
- Тоқтарбай
- Қасымов - Қазақстан Республикасы
Алтай Кәримоллаұлы Премьер-Министрінің Кеңесі
Басшысының орынбасары - Аймақтардың
жұмысын үйлестіру бөлімінің
меңгерушісі
- Оразалиев - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
Молдияр Молыбайұлы тергеу комитетінің орынбасары
- Оспанов - Қазақстан Республикасы Ауыл
Бақыт Сағындықұлы шаруашылығы министрлігінің жер
ресурстарын басқару жөніндегі
комитетінің төрағасы
- Павлов - Қазақстан Республикасы
Александр Сергеевич Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрі
- Төтенев - Қазақстан Республикасы Еңбек
Байкәрім Вильямұлы және халықты әлеуметтік қорғау
министрінің орынбасары
- Сүлейменов - Қазақстан Республикасының
Қайырбек Шошанұлы Ішкі істер министрі
- Шоқаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Ерболат Ыбырайымұлы қауіпсіздік комитеті төрағасының
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК